

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 қазандағы N 1007 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. О с ы К о н с т и т у ц и я л ы қ з а ң д а

пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Конституциялық заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы - ортасында шұғылалар күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті матамен көмкерілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышаны. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы - 1:2;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы - көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар (тіреулер) шаншылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкерген Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышаны. Елтаңбаның төменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні - осы Конституциялық заңда көзделген жағдайда орындалатын, музыкалық-поэтикалық туындыны көрсететін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышаны.

2-бап. Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Мемлекеттік нышандарын бекіту

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының бейнесі (қоса беріледі);

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі (қоса беріледі);

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы мен мәтіні (қоса беріледі) бекітілсін.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын қолдану тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мынадай орындарда көтеріледі немесе орнатылады :

1) Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері мен сауда өкілдіктерінің ғимараттарында, резиденциялары мен Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері басшыларының көлік құралдарында - ұ да й ы ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бірлескен және бөлек отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының сессиялары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің отырыс залында, Жоғарғы Соттың , оның алқалары мен Қазақстан Республикасының басқа да соттарының сот мәжілісі залдарында, сондай-ақ дүниеге келуді және некені салтанатты түрде тіркейтін о р ы н - ж а й л а р д а - ұ да й ы ;

3) егер бұл халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары төрағаларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе орын-жайларда;

4) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының төрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде және басқа да қатынас құралдарында;

5) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқынындағы ту ретінде;

6) Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде - әскери ж а р ғ ы л а р ғ а с ә й к е с ;

7) Қарулы Күштердің әскери құрамаларында, бөлімдерінде, бөлімшелерінде және мекемелерінде, Қазақстан Республикасының өзге әскерлері мен әскери құрамаларында - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелер күндерінде, ант

қ а б ы л д а у

к е з і н д е ;

8) мемлекеттік ұйымдардың мәжілістерінде - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері.

Ғимараттарға тұрақты негізде орнатылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тәуліктің қараңғы мерзімінде жарықтандырылып тұруы тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы олардың иелерінің еркі бойынша өзге де ғимараттарда (үй-жайларда) көтерілуі (орнатылуы) мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері мен сауда өкілдіктерінің жалпы қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі веб-сайттарында Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен;

2) Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде орнатылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы және оның бейнесі көлемдеріне қарамастан Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына және Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының эталонына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының атрибуттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына сәйкес келмеген жағдайда ол Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ауыстырылады немесе жойылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының бейнесі қоғамдық бірлестіктер немесе өзге де ұйымдар туларының геральдік негізі ретінде пайдаланыла алмайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының бейнесі Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларының элементі немесе геральдік негізі ретінде пайдаланылуы м ү м к і н .

4. Ұлттық азаға байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырдың биіктігінің жарты деңгейіне ұлттық аза тұту мерзімі бойына төмен түсіріледі.

4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және өзге де туларды Қазақстан Республикасының аумағында

бір мезетте қолдану

1. Қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың тулары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен бірдей болмауы қажет.

2. Шет мемлекеттердің, қоғамдық бірлестіктер мен басқа ұйымдар туларының

көлемі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының көлемінен аспауы қажет.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және шет мемлекеттердің, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың туларын бір мезгілде көтерген (бекіткен, орнатқан) кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы оған бетпе-бет тұрғанда өзге тудың (тулардың) сол жағында тұрады.

Бір мезгілде көтерген (бекіткен, орнатқан) кезде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының көтерілген биіктігі өзге тулардың көтерілген (бекітілген, орнатылған) биіктігінен кем болмауы тиіс.

3-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

5-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын қолдану тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери құрамаларының, бөлімшелерінің, бөлімдері мен мекемелерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, сауда өкілдіктері мен шетелдік мекемелер басшыларының резиденцияларының ғимараттарында;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі отырыстары, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының сессиялары өткізілетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың алқа отырысының залдарында, дүниеге келуді және некені салтанатты түрде тіркейтін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкіметтік наградалары тапсырылатын орын-жайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің қабылдау залдарында орналастырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның Палаталары мен олардың аппараттарының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министр Кеңсесінің, министрліктердің,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен Қазақстан Республикасының басқа да соттарының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери құрамаларының, бөлімшелерінің, бөлімдері мен мекемелерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың (әкімдердің) мөрлерінде және құжаттарының бланкілерінде;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми басылымдарында;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен тиындарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, бағалы қағаздарында;

4) Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатында, жеке куәлігінде, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қызметтік куәліктерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін өзге де т о л қ ұ ж а т т а р д а ;

5) Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты мен басқа да соттарының сот о т ы р ы с т а р ы з а л д а р ы н д а ;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына орнатылатын шекара б а ғ а н а л а р ы н д а ;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері мен сауда өкілдіктерінің жалпы қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі веб-сайттарында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте орналастырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының міндетті түрде орналастырылуының басқа да жағдайлары көзделуі м ү м к і н .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы және оның бейнесі, олардың көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына және Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының эталонына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының атрибуттары Қазақстан

Республикасының мемлекеттік стандартына сәйкес келмеген жағдайда ол Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ауыстыруға немесе жойылуға ж а т а д ы .

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеннен басқа жағдайларда мемлекеттік емес ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының бланкілерінде, мөрлерінде және басқа да реквизиттерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесін пайдалануға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар елтаңбаларының геральдік негізі ретінде пайдалануға жол берілмейді .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі әскери немесе өзге де мемлекеттік қызметте қызмет атқаратын адамдар үшін белгіленген айырым белгілерінде және киім үлгілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының элементі немесе геральдік негізі ретінде пайдаланыла алады.

6-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын және өзге де елтаңбаларды Қазақстан Республикасының аумағында бір мезетте қолдану

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы және шет мемлекеттердің елтаңбалары мен қоғамдық бірлестіктердің елтаңбасы (геральдік белгісі) немесе басқа ұйымдардың елтаңбасы бірге орналастырылған кезде, егер де ол оған бетпе-бет тұрған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы басқа елтаңбаның (елтаңбалардың) сол жағында орналасады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы және шет мемлекеттердің елтаңбалары мен қоғамдық бірлестіктердің елтаңбасын (геральдік белгісі) немесе басқа ұйымдардың елтаңбасын бірге орналастырғанда олардың елтаңбасының өлшемі (геральдік белгісі) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының өлшемінен аспауы тиіс. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы басқа елтаңбалардан (геральдік белгілерден) төмен орналастырылмауы тиіс.

4-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні

7-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қолдану тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні:

1) Қазақстан Республикасы Парламенті сессиясының ашылуы және жабылуы к е з і н д е ;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне арналған мәжілістер мен салтанатты жиындардың ашылуы кезінде, сондай-ақ өзге де салтанатты і с - ш а р а л а р д а ;

3) тәулік сайын теле- және радиобағдарламалардың эфирге шығуы кезінде -

таратылымның басталуында және соңында;

4) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштерді, монументтерді, құлпытастарды және өзге де құрылыстарды ашу кезінде;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдары өткізетін дәстүрлі рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көтерілген кезде;

6) Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген мемлекет басшыларын, шет мемлекеттердің парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде - тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік гимні орындалғаннан кейін;

7) жалпы орта, бастапқы кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарында - жаңа оқу жылының ашылуы мен оқу жылының жабылуы салтанаты, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар кезінде;

8) Қазақстан Республикасының ұлттық (құрама) командасы қатысатын спорттық іс-шаралар өткізу барысында;

9) Қазақстан Республикасы әскери құрылымдары мен әскери қызметшілердің және өзге де әскери тұлғаларды жерлеумен байланысты аза тұту рәсімдерін өткізу кезінде, сондай-ақ қайтыс болған көрнекті мемлекет қайраткерлерімен, ғылым және мәдениет қайраткерлерімен қоштасу кезінде орындалады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар Гимнді тұрып, оң қолының алақанын сол жақ кеудесіне қойып тыңдайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде Қазақстан Республикасының Гимні осы Конституциялық заңға, сондай-ақ барған мемлекеттің заңнамасына және хаттамалық практикасы мен жергілікті салт-дәстүрлеріне сәйкес орындалады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру және бірінші рет орнату Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің орындалуымен сүйемелденуі тиіс, бұл ретте қатысушылар жүздерін туға қарай бұрады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін оркестр, хор, хор-оркестр не өзге де әншілер мен сазды аспаптар орындай алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданылуы мүмкін.

Әншілер мен әнші - сазды аспаптар орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні толық орындалады. Сазды аспаптар орындаған жағдайда Гимнді ішінара орындауға жол беріледі - әуені мен қайырмасы бір рет орындалады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні бекітілген мәтінге және музыкалық

редакциясына дәлме-дәл сәйкестікте мемлекеттік тілде орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің мәтіні мен музыкалық редакциясын басқа музыкалық шығармалардың және өзге де өнер шығармаларының негізі ретінде қолдануға болмайды.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін дәлме-дәл орындауды бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

8-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына құрметпен қарауды қалыптастыру

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын қастерлеуге міндетті.

2. Азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік нышандарды құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ, мемлекеттік нышандардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды игеру жалпы орта, бастапқы кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік оқу орындарының негізгі жалпы білім беру бағдарламаларына енгізіледі.

Жалпы орта, бастапқы кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында арнайы оқшауланған жалпы қолжетімді орынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы немесе олардың бейнесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні орналастырылады.

9-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген материалдық объектілерді дайындау

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген материалдық объектілерді дайындау заңнамада белгіленген тәртіппен берілген тиісті лицензиясы болған жағдайда жүзеге асырылады.

Дайындауға тиісті лицензияның болуын талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген материалдық объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5-тарау. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік нышандар саласындағы құзыреті

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарының атрибуттарын

ауыстыру және жою ережесін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің мәтінін орнату (орналастыру) ережесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында мемлекеттік нышандарды қолдану тәртібін бекітеді;

4) дайындауға тиісті лицензияның болуын талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген материалдық объектілердің тізбесін айқындайды.

11-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік нышандарының атрибуттарын ауыстыру және жою ережесін әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесін және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің мәтінін орнату (орналастыру) ережесін әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында Қазақстан Республикасы мемлекеттік нышандарының қолданылу тәртібін әзірлейді;

4) дайындауға тиісті лицензияның болуын талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген материалдық объектілердің тізбесін әзірлейді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

12-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары саласындағы заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін осы Конституциялық заңға қайшы орындалуы және қолданылуы немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнін қорлау фактілері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады.

13-бап. Осы Конституциялық заңның қолданысқа енгізілу тәртібі

1. Осы Конституциялық заң ресми жарияланғаннан 10 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" 1996 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 178-құжат; 1997 ж., N 12, 193-құжат; 2006 ж., N 1, 1-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Президенті

"Қазақстан Республикасының
мемлекеттік нышандары туралы"
Қазақстан Республикасы
Конституциялық заңының жобасына
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

(Қағаз мәтініне қараңыз)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

(Қағаз мәтініне қараңыз)

"Қазақстан Республикасының
мемлекеттік нышандары туралы"
Қазақстан Республикасы
Конституциялық заңының жобасына
Қосымша

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының
музыкалық редакциясы**

Әннің авторы Шәмші Қалдаяқов

(Қағаз мәтініне қараңыз)

"Қазақстан Республикасының
мемлекеттік нышандары туралы"
Қазақстан Республикасы
Конституциялық заңының жобасына
Қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының мәтіні

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев

А л т ы н к ү н а с п а н ы ,
А л т ы н д ә н д а л а с ы ,
Е р л і к т і ң д а с т а н ы ,
Е л і м е қ а р а ш ы !
Е ж е л д е н е р д е г е н ,
Д а ң қ ы м ы з ш ы қ т ы ғ о й .
Н а м ы с ы н б е р м е г е н ,
Қазағым мықты ғой.

Қ а й ы р м а с ы :

М е н і ң е л і м , м е н і ң е л і м ,
Г ү л і ң б о л ы п е г і л е м і н ,

Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!